

№2 педагогикалық кеңес
«Колутон ауылының жалпы орта білім беретін» КММ-нің
«Қазіргі педагогтың кәсіби құзыреттілігі Мектептің табысты
дамуының негізі ретінде»

Өткізу күні 29 қазан 2025 жыл

Өткізу форматы офлайн

Ұзақтығы: 90 минут

Қатысқандар – 25 мұғалім (1 шағын орталық тәрбиешісі, кітапханашы)

Қатыспағандар-0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Қазіргі педагогтың кәсіби құзыреттілігі. Мектептің табысты дамуының негізі ретінде».
2. «Педагог және жасанды интеллект :оқытудың жаңа мүмкіндіктері»
3. Тоқсан қорытындысы бойынша оқыту сапасының нәтижелері. Бағдарламаны орындау.
4. Мұғалімдер мен оқушылардың олимпиадаларға , конкурстарға , ғылыми конкурстарға қатысуының нәтижелігі.

ТЫҢДАЛДЫ:

1.«Қазіргі педагогтың кәсіби құзыреттілігі. Мектептің табысты дамуының негізі ретінде», баяндамашы :оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова .

Кәсіби құзыреттілік – әлеуметтік жұмыс маманының мінездемесі, мамандығының талаптарына деген оның сәйкестік дәрежесі.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» – деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ.

Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл — ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру оқытушының шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Бүгінгі заманғы қоғамда адамнан тек кәсіби білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет, ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын, қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді.

«Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген. Дұрыс

ұйымдастырылған әдістемелік пен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдық кепілі болады. Сол себепті, мұғалімдерді кәсіби біліктілігін арттыруда педагогтардың өздеріне бағытталған іс – әрекеттерін жаңаша ұйымдастыру өте маңызды.

Мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктерінің қалыптасуын анықтауда А.К.Макарованың «кәсіби құзіреттілік – бұл педагогикалық іс-әрекет іске асырылатын, мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде жақсы нәтижелерге қол жеткізген еңбегі» - деген пікіріне сүйенуге болады. Мектепте оқу пәні мұғалімінің педагогикалық кәсіби біліктілігін көтеруі тек кәсіптік құзіреттілікті арттырудың шарты болып қана қоймай, ол сонымен бірге өзін-өзі жетілдірудің алғы шарты болуы қажет.

Мұғалім мамандығының тұлғалық сапасы оның кәсібилігінен алшақтанбайды. Кәсіби дайындық процесінде білім, дағды, ойлау қабілеті, іс-әрекет әдістерін арнайы алумен байланысты жүре пайда болған құзіреттіліктерді де есепке алады. Оның ішінде: пәнді оқыту, пәнді оқыту әдістемесі, психологиялық дайындық, кең көлемді мәдени таным, педагогикалық шеберлікті меңгеру, педагогикалық еңбек технологиялары, ұымдастырушылық іскерлік пен дағдыларды, педагогикалық такт, педагогикалық техниканы игеру, қарым-қатынас технологиясын, шешендік өнер және басқа да қасиеттерді меңгеру керек.

Қазіргі кезеңдегі технологиялардың дамуы барысында ұстаздардың рөлін түбегейлі өзгерту мүмкіндік туды, ұстаз тек қана білімді алып, жүруші ғана емес, сонымен қатар студенттердің өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі.

Осындай педагогикалық қабілеттіліктер әр педагогтың тұлғалық әлеуеті мен мүмкіндіктеріне сай қалыптасып, кәсіптік іс-әрекет барысында өзін-өзі жетілдіру жолдарын анықтайды. Сондықтан әр мұғалімнің бейімі мен икеміне қарай қалыптасатын педагогикалық қабілеттіліктерді философиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік аспектілер тұрғысынан қарастыру мұғалім бойында қалыптасатын кәсіби құзіреттіліктерді жетілдіруге ықпал етеді.

Педагог – тәрбие беру басымдылықтарының негізгі жолсерігі. Тәрбие үдерісінің ақырғы нәтижесі мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қасиеттеріне байланысты.

Әрбір педагог өзінің оқушыларының қандай болғанын тілесе, өзі де сондай болуы тиіс. Бұл кәсіби іс-әрекетте құзыретті әдісті іске асыруға мүмкіндік береді.

Мұғалім – бұл ақылдың шектеулігін жоятын, сонысымен жер бетіндегі тыныштыққа ықпал ететін және өзінді-өзін ұстай білуге үйрететін адам.

2. «Педагог және жасанды интеллект: оқытудың жаңа мүмкіндіктері» информатика пәнінің мұғалімі Д.Сарсембаева тыңдалды:

Жасанды интеллект мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, олардың рөлін жаңаша қалыптастыруы мүмкін. ЖИ технологиялары оқушылардың тест нәтижелері мен тапсырмаларын автоматты түрде бағалап, жеке қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл мұғалімдердің уақытын үнемдеп, оқушылармен тереңірек және шығармашылық бағытта жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

Жасанды интеллект білім беру мазмұнын жаңартудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Оның көмегімен мультимедиялық контенттер жасау және

интерактивті оқу материалдарын дайындау процесі айтарлықтай жеңілдей түседі.

Сондай-ақ, ЖИ виртуалды шындық (VR) және кеңейтілген шындық (AR) технологияларымен үйлесе отырып, оқыту процесін қызықты әрі тиімді етеді. Мысалы, тарих немесе биология сабақтарында оқушылар тек кітаптар мен суреттерге қарап қана қоймай, VR технология арқылы көне дәуірлерге ~~саяхат~~ жасап, сол заманды "сезіне" алады. Ақпараттық жүйелерді, соның ішінде жасанды интеллект жүйелерін Қазақстан республикасының орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қолданудың этикалық стандартына сәйкес мектепшілік бұйрық болу керек. Жасанды интеллект — бұл адамзаттың ақыл-ойын жаңғырту арқылы болашақтың әлемін құруға мүмкіндік беретін қуатты құрал, ол білім мен мүмкіндіктердің шекарасын кеңейтіп, жаңа дәуірдің есігін ашады. Қазіргі кезде технологиялар әлемді өзгертуде, ал білім беру саласы осы өзгерістердің алдыңғы қатарында тұр. Көптеген елдер мен білім беру мекемелері жасанды интеллект технологияларын енгізу арқылы білім сапасын арттыруға, оқушылардың нәтижелері мен оқыту әдісін жақсартуға ұмтылып келеді. Жасанды интеллект (ЖИ) — бұл күндері өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған және үздіксіз дамып келе жатқан технология екені белгілі. Егер қазіргі уақытта ЖИ негізінде түрлі оқу платформалары, жеке оқу жоспарлары, тестілеу жүйелері және виртуалды ассистенттер кеңінен қолданылып жатса, болашақта бұл технологиялар білім беру процесін қалай өзгертеді? Қазіргі уақытта білім беру жүйесі ортақ стандарттарға негізделген. Оқушыларға бірдей оқу жоспарлары мен материалдар ұсынылады, алайда әрбір баланың оқу қабілеті мен жылдамдығы әртүрлі. Аталмыш мәселені шешуде ЖИ ерекше рөл атқарады. Себебі, ол оқушылардың білім деңгейін, оқу қарқынын және де қызығушылықтарын талдай отырып, әрқайсысына жеке оқу жоспарларын құруға мүмкіндік береді. Яғни, оқушылардың күшті және әлсіз жақтарын анықтап, оларға сәйкес тапсырмалар мен жаттығуларды таңдауға жол ашады. Нәтижесінде, білім беру тиімділігі артып, әр оқушының мүмкіндіктерін барынша іске асыруға жағдай жасалады. Осылайша, ЖИ мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп, әр балаға көбірек назар аударуға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, олардың оқуға деген ынтасын да күшейтеді. Жасанды интеллект білім беру саласында оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз етіп, уақыт пен кеңістік шектеулерін жояды. ЖИ негізіндегі онлайн платформалар арқылы оқушылар мен студенттер кез келген уақытта, кез келген жерде білім ала алады. Мұндай жүйе әр адамның өз қарқынында білім алуына мүмкіндік беріп қана қоймай, қосымша ресурстар мен материалдарды пайдалануға жағдай жасайды. ЖИ жүйелері оқушының жетістіктерін бақылап, қажет болған жағдайда оның оқуын түзетіп отырады. Мәселен, егер оқушы белгілі бір тақырыпты меңгеру барысында қиындыққа тап болса, ЖИ оны анықтап, тиісті материалдармен қамтамасыз етеді. Аталған тәсіл білім алудың шектеулерін жойып, оқушыға ыңғайлы жағдайда білім алуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай,

олардың рөлін жаңаша қалыптастыруы мүмкін. ЖИ технологиялары оқушылардың тест нәтижелері мен тапсырмаларын автоматты түрде бағалап, жеке қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мұғалімдердің уақытын үнемдеп, оқушылармен тереңірек және шығармашылық бағытта жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Сондай-ақ, ЖИ мұғалімдерге оқыту әдістерін әртараптандыруға және жаңа тәсілдерді енгізуге мүмкіндік береді. Дегенмен, ЖИ мұғалімдердің орнын толық алмастырмайды. Ол оқу процесін ұйымдастыруда көмекші құрал қызметін атқарады. Ал, мұғалімдер болса оқушылардың мотивациясын арттыру, әлеуметтік дағдыларды дамыту және эмоциялық қолдау көрсету сияқты маңызды аспектілерде басты рөл атқарады. ЖИ адамның эмоциялық және әлеуметтік қырларын алмастыра алмайды. Бұл технологияның пайдасын көргісі келетін барлық тараптар үшін сенімділік пен ашықтық маңызды болып қала береді. Жасанды интеллект білім беру саласын революциялық тұрғыда өзгертетін қуатты құрал бола алады. Жеке тұлғаға бейімделген оқыту, үздіксіз білім алу мүмкіндіктері және мұғалімдер рөлінің трансформациясы – осының барлығы болашақта білім беру тәжірибесін сапалы жаңа деңгейге көтеретін өзгерістер. ЖИ оқушылардың білім алу процесін оңтайландырып, олардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу жоспарларын құруға мүмкіндік береді. Алайда, ЖИ технологияларын енгізу кезінде этикалық және қауіпсіздік мәселелерін шешу аса маңызды. Болашақта жасанды интеллект білім беру жүйесін жетілдіріп, жаңа мүмкіндіктердің көкжиегін кеңейте түсуге қауқарлы күшке айналады.

3. I тоқсанның қорытындысы бойынша оқыту сапасының нәтижелері. Бағдарламаны орындау, оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:

2025-2026 оқу жылының I тоқсанның қорытындысы бойынша мектепте 77 оқушы, оның ішінде 10 оқушы 1 -сыныпта білім алуда.

1-4 сыныптарда – 29 оқушы

5-9 сыныптар аралығында - 41 оқушы

10-11 сыныптарда – 8 оқушы

Мектепте 19 сынып бар, оның ішінде 2б -4б, 5а-6а,7а-8а,7б-8б сыныптар комплектісі.

Оқу әрекеті Жұмыс режимі: бескүндік оқу аптасы. Сабақ екі ауысымда жүргізіледі.

Денсаулығына байланысты үйде жекелей оқылымда 1 оқушы білім алуда. (6 б сынып оқушысы Зорина Мария).

2024-2025 оқу жылында Үлгерім пайызы - 100 %.

Білім сапасы: жалпы мектеп бойынша —59,1%

2025-2026 оқу жылындағы I тоқсан нәтижесі әр сынып бойынша білім сапасы,үлгерімі.

сынып	Барлық оқушы саны	Оқу үздіктері	Екпінділер	Білім сапасы	үлгерімі	Сынып жетекшісі

1 а	10	-	-	-	-	Қабдеш Р.Е
2 а	3	1	1	67 %	100%	Досмагамбетова Ж.Ж
2 б	5	-	3	60 %	100%	Жаканова А.А
3 а	5	1	2	60 %	100%	Хахтай Г
3 б	3	1	2	100 %	100%	Шокыбаева А.К
4 б	3	2	1	100 %	100%	Жаканова А.А
1-4	29	5	9	74 %	100%	
5 а	5	-	4	80 %	100 %	Кабдешова М.В
5 б	6	-	3	50 %	100%	Смагулова М.Ш
6 а	2	-	1	50 %	100 %	Кабдешова М.В
6 б	4	-	4	100 %	100 %	Набиева Д.Қ
7 а	3	-	2	67 %	100 %	Доспаева В.Н
7 б	2	-	1	50 %	100 %	Куц Е.А
8 а	3	-	1	33 %	100 %	Доспаева В.Н
8 б	5	-	2	40 %	100 %	Куц Е.А
9 а	6	-	3	50 %	100 %	Қабдеш Н.Е
9 б	5	-	1	20 %	100 %	Жамышев А.Б
5-9	41	-	22	54 %	100 %	
10 а	4	1	2	75 %	100 %	Асылбеков Т.Ж
11 а	2	-	2	100 %	100 %	Асылбеков Т.Ж
11 б	2	-	1	50 %	100 %	Шокубасова А.М
10-11	8	1	5	75 %	100 %	
Мектеп бойынша	78 / 68	6	36	61,8 %	100 %	

2025-2026 оқу жылындағы І тоқсан нәтижесі әр сынып бойынша оқу үздіктері мен екпінділері.

СЫНЫП	Барлық оқушы саны	Оқу үздік саны	Үздік оқушының аты-жөні	Екпінді саны	Екпінді оқушының саны	Сынып жетекшісі
-------	-------------------	----------------	-------------------------	--------------	-----------------------	-----------------

1 а	10	-		-		Қабдеш Р.Е
2 а	3	1	Арлан Асанали	1	Болат Сұлтан	Досмағамбетова Ж.Ж
2 б	5	-	-	3	Куницкая Ярина Куницкий Алексей Смагулова Инжу	Жаканова А.А
3 а	5	1	Ботан Самир	2	Аугалив Ерасыл Жанарбек Сезім	Қақтай Г
4 а	3	1	Туребаева Ясмин	2	Мусулканова Диляра Рыспек Айжаксым	Шоқыбаева А.К
4 б	3	2	Дьяченко Евгения Куницкая Полина	1	Асанов Даниял	Жаканова А.А
5 а	5	-	-	4	Айтбай Нұрбол Жанарбек Аяулым Сайлауұлы Анвар Сайлауұлы Мансұр	Кабдешова М.В
5 б	6	-	-	3	Арлан Гүлшашар Жанкабаева Инжу Жумабаева Айзере	Смагулова М.Ш
6 а	2	-	-	1	Туребаева Гульназ	Кабдешова М.В
6 б	4	-	-	4	Балгабаев Ильяс Дьяченко Ульяна Зорина Мария Куницкий Антон	Набиева Д.Қ
7 а	3	-	-	2	Бейсекеев Ерасыл Толегенов Альхам	Доспаева В.Н
7 б	2	-	-	1	Ли Жасмин	Куц Е.А
8 а	3	-	-	1	Айтбаева Найля	Доспаева В.Н
8 б	5	-	-	2	Асанов Камиль Пугалов Кирилл	Куц Е.А
9 а	6	-	-	3	Кокенова Дильназ Мәжит Ерхан Мусулканова Даяна	Қабдеш Н.Е
9 б	5	-	-	1	Сахапов Алмаз	Жамышев А.Б
10 а	4	1	Шоқыбаев Ерасыл	2	Доспаева Арайлым Сагимбаева Фатима	Асылбеков Т.Ж
11 а	2	-	-	2	Ахболатқызы Қ Досмағамбетова Ж	Асылбеков Т.Ж
11 б	2	-	-	1	Асанов Асан	Шокубасова А.М

5 сыныптарда төмен білім сапасы мына сыныптарда: 8 а сынып-33 пайыз, 9 б сынып-20 пайыз, 8 б сынып -40 пайыз, осы сыныптардың сынып жетекшілеріне сөз беру:

8 а сыныпты сынып жетекшісі В.Доспаева сыныпта -3 оқушы сыныптың білім сапасы -33%, үлгерімі -100%. Айтпаева Найля «жақсы» оқитын оқушы. Қанатбайқызы Самира алгебра,ағылшын тілі,геометрия,қазақстан

тарихы, орыс тілі мен әдебиеті, химия пәндерінен үштік бағалары бар. Серікпай Қарақат ағылшын тілі, геометрия, қазақстан тарихы, химия пәндерінен үштік бағалары. Серікпай Қарақаттың ынтасы бар.

9 б сыныптың сынып жетекшісі А. Жамышев, сыныпта 5 оқушы. Сахапов Алмаз жақсы оқитын оқушы. Набиев Серикболат алгебра, геометрия, химия пәндерінен үштік бағалары. Қалған оқушылардың үш деген бағалары көп. 8 б сыныптың сынып жетекшісі Е. Куц сыныпта 5 оқушы, Жақсы оқитын оқушылар: Асанов Камиль, Пугалов Кирилл. Левкович Анастасия алгебра, геометрия, химия үштік бағалары бар.

4. Мұғалімдер мен балалардың олимпиадаларға, конкурстарға, ғылыми конкурстарға қатысуының нәтижелігі оқу ісінің орынбасары С. Абдрахманова тыңдалды: 2024-2025 оқу жылында білім алушылардың конкурстарға, олимпиадаларға, зияткерлік ойындарға, іс-шараларға қатысу деңгейі жақсы болды.

Биылғы оқу жылында, яғни 2025 жылдың қыркүйек пен қазан айларын айтатын болсақ:

- қазан айында ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған, республикалық пәндік олимпиада ІІ аудандық кезеңіне өтті:

сынып	пән	Оқушының аты-жөні	мұғалім
9 б	химия	Сахапов Алмаз	Жамышев А.Б
8 б	математика	Асанов Камиль	Смагулова М.Ш
11 б	математика	Асанов Асан	Смагулова М.Ш
11 б	биология	Сергазин Ален	Жамышев А.Б
9 б	биология	Баисеитов Арнат	Жамышев А.Б
10 а	Тарих	Шоқыбаев Ерасыл	Қабдеш Н.Е
11 а	тарих	Ахболатқызы Қарақат	Қабдеш Н.Е

- қазан айында «Ақберен» республикалық өнер байқауы болды:

Шешендік, білгірлік сайысынан 3 орын алған 11 сынып оқушысы Ахболатқызы Қарақат (жетекшісі Аксеитова А.Б). Ақындар мүшәйрасы номинациясынан 1 орын алған 11 сынып оқушысы Досмағамбетова Жансая (жетекшісі Асылбеков Т.Ж)

-қазан айында «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік ойыны аудандық кезеңінен 11 сынып оқушысы Ахболатқызы Қарақат III орын алды. (жетекшісі Қабдеш Н.Е)

ШЕШІМ:

1. Қазіргі педагогтың кәсіби құзыреттілігі. Мектептің табысты дамуының негізі ретінде, мектеп мұғалімдері үздіксіз үйрену үстінде құзыреттілігін жоғарлатылсын, оқу-тәрбие процесінің барысында басшылыққа алынып, оның жүзеге асырылуы қамтамасыз етілсін.
2. Педагогтар жасанды интеллект оқытудың жаңа мүмкіндіктерін үйретілсін. ЖИ курстарынан өту мүмкіндіктері жасалсын.
3. 2025 – 2026 оқу жылының I тоқсаныдағы оқу – тәрбие жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын және оның нәтижелері бойынша төмендегідей міндеттер белгіленіп, жүзеге асырылсын. - I тоқсандағы мектептің орташа білім сапасынан төмен болған төмендегі сыныптар: 8-А сынып 33,% сынып жетекшісі Доспаева В.Н, 9-Б сынып 20 % сынып жетекшісі Жамышев А.Б, 8-Б сынып 40 % сынып жетекшісі Куц Е. - Сынып жетекшілер білім сапасын арттырудың іс – жоспарын жасап, жүзеге асырсын. Оқу жылы барысында мемлекеттік стандарт орындалды, оқу жоспары бойынша белгіленген оқу бағдарламасы I тоқсан бойынша толық игерілді. Дегенмен де пән бойынша үлгерімі төмен оқушылар баршылық. Сондай-ақ үйде ата-аналар тарапынан қадағалаушылықты күшейту қолға алынсын. Болашақта білім сапасын көтеру мақсатында түрлі іс- шаралар ұйымдастырылып, іс жүзінде жүргізілсін. Білім сапасын арттыру мақсатында төмен көрсеткіш көрсетіп отырған сыныптармен жұмыстар жүргізілсін.
4. Мұғалімдер мен оқушылардың олимпиадаларға , конкурстарға , ғылыми конкурстарға қатысуының нәтижелігі Аудандық олимпиадаға жолдама алған оқушыларды өз деңгейінде дайындау пән мұғалімдеріне жүктелсін. .II тоқсанда олимпиада, байқауларға оқушыларды қатыстыру сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне жүктелсін;. Пән апталықтары барысында түрлі байқаулар мен олимпиадаларды кіріктіру қолға алынсын;
5. Әр түрлі сұрақтарға:
 - Мектепте өткізіліп жатқан жұмыстар барысымен ата-аналарды хабардар ету мақсатында іс-шаралар бейнеленген роликтер мен суреттерді инстаграмм, фейсбук парақшаларына үнемі жариялап отыру жауапкершілігі А.Хаметоваға жүктелсін.
 - Сыныпта оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету сынып жетекшілеріне, сабақ үстінде пән мұғалімдеріне жүктелсін.
 - Пән кабинеттерінде, спорт залда, дене тәрбиесі және көркем еңбек сабақтарында оқушыларды қауіпсіздік ережесімен таныстыру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету кабинет зертханашысына, пән мұғалімдеріне жүктелсін.

- Жолда жүру ережесімен таныстыру сынып жетекшілерге жүктелсін.

-«Bilim Land» цифрлық білім беру платформасының электронды журналының өз дәрежесінде жүргізілуін қамтамасыз ету, техникалық сүйемелдеуді үйлестіруді қамтамасыз ету С.Абдрахманова жүктелсін;

-Осы жұмыстардың орындалуына бақылау мен басшылық жасау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Абдрахманова мен директордың тәрбие ісі жөнінде орынбасары А.Жаксыбаеваға жүктелсін;

Кеңес төрайымы :  А.Аксеитова

Хатшы :  А.Нуртазина



Аксеитова Айнаш Балтабаевна
Абдрахманова Сакып Константиновна
Жаксыбаева Айгуль Каирбековна
Куц Елена Анатольевна
Асылбеков Тамирлан Жанарбекович
Мухамеджанова Галия Хамидоллаевна
Қабдешова Мадина Варысовна
Смагулова Меруерт Шаймерденовна
Сарсембаева Динара Копешовна
Хурман Бакболат
Жамышев Асхат Ботанович
Қабдеш Нариман Елдесұлы
Набиева Диана Қайратқызы
Қабдеш Рауия Елдесқызы
Смагулов Есен Жамышевич
Асанов Асан Жанатович
Доспаева Венера Нурлыбековна
Жаканова Айгуль Азимжановна
Шокыбаева Асылзада Казистаевна
Досмагамбетова Жадра Жаналыновна
Хахтай Гүлжазира
Клыщанова Жанар Мухитановна
Шокубасова Айсулу Мухтаровна
Хаметова Аида Амангельдиевна
Хасенова Гүльнара Байбатыровна
Мажитова Ирина Васильевна

Handwritten signatures and initials in blue ink, including names like Akseitova, Abdurakhmanova, Zhasysbaeva, Kuts, Asylbekov, Muxamedzhanova, Qabdesheva, Smagulova, Sarsembayeva, Hurman, Zhamyshev, Qabdeshe, Napiyeva, Qabdeshe, Smagulov, Asanov, Dospaeva, Zakanova, Shokymbayeva, Dosmagambetova, Khashtay, Klyshchanova, Shokubasova, Khametova, Khasenova, and Mazhitova.